

Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызметке бір жолғы талон құнын 2009 жылға белгілеу туралы

Күшін жойған

Исатай аудандық мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 88-IV шешімі. Исатай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 30 қаңтарда N 4-4-121 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 04 ақпандағы № 169-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 04.02.2010 № 169-IV шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 100-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының 8 және 36 баптарының негізінде Исатай аудандық салық басқармасының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы СБ-03-02/N 1491 санды ұсынысын қарап, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі мен кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін бір жолғы талон құны 1 қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

2. Бір жолғы талон негізіндегі арнайы кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі мен кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін бір жолғы талон құны 2 қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

3. Аталған шешімнің орындалуын бақылауға алу аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық, экологиялық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына (С. Қабделов) жүктелсін.

4. Аталған шешім Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткізіліп, алғаш ресми жарияланған күнінен 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Аудандық мәслихаттың</i>	<i>Кезекті</i>
<i>IX сессиясы төрағасы</i>	<i>Ж. Қасымұлы</i>	
<i>Аудандық мәслихат хатшысы</i>	<i>Ж. Қадимов</i>	
2008 жылғы	24 желтоқсан	
N 88-IV	нормативтік	құқықтық
кесімге N 1 қосымша		

Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін біржолғы талон құнының тізбесі

р/с N	Кәсіпкерлік қызмет түрлері	Бір күндік талон құны (тенге)
1	Тұқым егетін көшеттер мен ағаш көшеттерін сату	30
2	Бау-бақша өнімдерін сату	50
3	Бау-бақша өнімдерін көлік құралдарында сату	250
4	Саяжайларда тұрғын үй учаскелерінде өсірілген гүл өнімдерін сату	30
5	Автокөлік құралдарын айдап әкелу	
	а) жақын шетелдік мемлекеттерден	800
	б) алыс шетелдік мемлекеттерден	600
6	Жеке меншік трактормен жер учаскелерін өңдеу жұмыстары	250
7	Жеке меншік тракторлармен аудан көлемінде жүк тасымалдау	150
8	Жеке автокөлік иелерінің төмендегі маршруттар бойынша жүк тасымалдау қызметін көрсетуі: (Атырау қаласы т.б. ауданнан тыс жерге)	
	а) Автокөлік жүк көтергіштігі 1,5 тоннаға дейінгі Атырау қаласына 1 рейске	400
	б) Автокөлік жүк көтергіштігі 5 тоннаға дейінгі Атырау қаласына 1 рейске	600
9	Жеке автокөлік иелерінің төмендегі маршруттар бойынша жүк тасымалдау қызметін көрсетуі:	
	а) Автокөлік жүк көтергіштігі 1,5 тоннаға дейінгі Аққыстау селосының және селолық округтер ішінде	200
	б) Автокөлік жүк көтергіштігі 5 тоннаға дейінгі Аққыстау селосының және селолық округтар ішінде	300
10	Су құятын автокөліктермен су құю	200
11	Техникамен шөп шабу қызметі	100
12	Жеке және жалға алған жеңіл (маршруттық таксиден басқа) автокөліктермен жолаушыларды тасымалдау бойынша қызмет көрсету:	
	а) Атырау қаласына жеке жеңіл автокөлікпен	200
	б) Атырау қаласына УАЗ, Газель автокөліктерімен	300
	в) Аққыстау және селолық округтар ішінде жеңіл автокөлікпен	100
13	Салтанатты кештерді бейне таспаға түсіру 1 шараға	200
14	Тамадалар мен тамада қызметкерлері 1 шараға	500
15	Фотоға түсіру және сату	100
16	Газет журнал сату	50

17	Жеке адамдардың өз малдарынан алынатын өнімдерін сату:	
	ет	200
	сүт	50
18	Мал бағу (қызметі)	50
19	Ұсақ мал сату (әр басына)	50
20	Тас қашау (құлпытас)	250
21	Жеке меншік бурамен, бұқамен қызмет көрсету	200
22	Монша қызметін көрсету	300
23	Қол орақпен шөп шабу қызметі	50
24	Үй жөндеу қызметі (Әр үй үшін)	500
25	Халыққа емшілік қызмет көрсету	200
26	Аяқ киім жөндеу	50
27	Киім тігу, тоқып сату	50
28	Жүннен тоқылған өнімдер сату /кілемше, шұлық, қолғап т.б./	50
29	Шөпті дайындап, сату	400
30	Саман тас сату	300
31	Қамыс байлау, сату	200
32	Құс сату 1 бас	80
34	Қамыс байлау, сату (қамыс плита)	200
35	Құрылыс заттары (цемент, ағаш, шифр т.б.)	500

2008 жылғы 24 желтоқсан
 N 88-IV нормативтік құқықтық
 кесімге N 2 қосымша

Бір жолғы талон негізіндегі арнайы кәсіпкерлік қызмет түрлерінің тізбесі

р/с N	Кәсіпкерлік қызмет түрлері	Бір күндік талон құны (теңге)
1	Азық-түлік өнімдерін сату	100
2	Нан және ұннан жасалған өнімдерді сату	80
3	Сүт және сүттен жасалған өнімдерді сату	50
4	Киімдер мен аяқ киімдер сату	160
5	Парфюмерия, косметика сату	160
6	Ойыншық, сувенирлер сату	160
7	Шаруашылық тауарлар, ыдыс аяқ, хрусталдар сату	180
8	Кеңсе бұйымдарын сату	120
9	Қосалқы бөлшектерін сату	200
10	Шаруашылық өнімдерін	
	а) Ет сату	300
	б) Құс, шұжық, сыр тағамдарын сату	120

	в) Май тағамдарын сату	120
	г) Кондитер тағамдарын сату	120
	д) Жұмыртқа сату	50
	ж) Жеміс-жидек, көкіністер сату	100
11	Азық-түлік өнімдерін көлік құралдарынан сату	
	а) Жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету (тамақ өнімдерін және жеміс жидектерін сату) 1,5 тоннаға дейін	250
	б) Жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету (тамақ өнімдерін және жеміс жидектерін сату) 5 тоннаға дейін	400
	а) Жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету (тамақ өнімдерін және жеміс жидектерін сату) 5 тоннаға жоғары	500
	б) Жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету (шаруашылық бұйымдарды және құрылыс материалдарын сату)	400
12	Балық өнімдерін сату	200
13	Ұсақ түйек тағамдар сату (чай, самса, т.б.)	60
14	Теріден жасалған бұйымдар сату	200
15	Мал сату ірі қара 1 басқа	300
16	Ұсақ мал сату 1 басқа	50
17	Киім тігу, тоқып сату	200
18	Жүннен тоқылған өнімдер сату (кілемше, шұлық, қолғап т.б)	50
19	Құс сату 1 бас	80
20	Балапан сату (10 бас)	75
21	Қамыс байлау, сату (қамыс плита)	200
22	Құрылыс заттары (цемент, ағаш, шифр т.б.)	250

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК